

«№36 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Педагогтердің бос лауазымына орналасу және оларды тағайындау
конкурсының отырысы

ХАТТАМА № 2

2022 жылғы 08 қыркүйек

Қатысушылар: комиссия төрағасы - А.М.Зайткешова, директордың оқу тәрбие орынбасары, комиссия мүшелері - Г.М.Оразова, директордың оқу тәрбие орынбасары, А.А.Куанбаева директордың тәрбие орынбасары, Қ.Ғ.Сарсекеев - тарих пәні мұғалімі.

Қатыспады: 1

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсының қорытындыларын талқылау және қарау:
математика пәні мұғалімі – 1 бос орын.

Тыңдалды:

1. Конкурс комиссиясының төрағасы А.М.Зайткешова, интернет-ресурсында, «№36 ЖББМ» КММ-де әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында және мектеп сайтында «Хабарландырулар» бөлімінде бос ұстаздық лауазымға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылғанын атап өтті. Комиссия мүшелеріне конкурс талаптарын еске салып, отырыстың бейнежазбамен сүйемелденетін атап көрсетті. Үміткерлердің педагогтердің үлгілік біліктілі сипаттарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес бағалауды ұсынды. Комиссия мүшелері ең жоғары балл алған кандидатты тандап, зерделеп қорытындысын шығаруы тиіс

Конкурс комиссиясының хатшысы Ж.Т.Балмағанбетова комиссия мүшелеріне «№36 ЖББМ» КММ-де бос оқытушы лауазымына үміткердің құжаттар тізіміне сәйкес 1 жеке ісін тапсырды.

2. Конкурс комиссиясының мүшесі Қ.Ғ.Сарсекеев математика пәні мұғалімі ретінде 1 бос орынға 1 кандидат қатысқанын атап өтті, сондықтан осы кандидаттың құжаттарын талапқа сәйкестігін қарап шығуды ұсынды.
3. Оразова Г.М.: Математика пәні мұғалімінің бос лауазымына биылғы жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін аяқтаған жас

маман келіп отыр. Бұл маман "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құжаттың 11-қосымшасында көрсетілген талаптарға сай 15 балл жинап отырғанын атап өтті. Жас маман жоғары оқу орынын үздік дипломға аяқтаған, педагогикалық іс-тәжірибесі жоғары бағаланғанын ескертті. Сондай-ақ бұл лауазымға басқа үміткер болмағандықтан қойылған ұпайы бойынша педагог қызметкерді жұмысқа қабылдау комиссия отырысының қорытындысы бойынша бос вакансиядағы орынға тағайындауға ұсынылған кандидат болып: Уәлихан Кәделі Уәлиханқызы танылсын.

Шешім:

1. Мектеп директоры Ж.Ж.Ракишеваға педагогтың бос лауазымына тағайындауға төмендегі кандидат ұсынылсын:
 - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Уәлихан Кәделі Уәлиханқызы.
2. Конкурс нәтижесі мектептің интернет ресурстарында, ресми әлеуметтік парақшаларда жариялансын.

Комиссия төрағасы:

 А.М.Зайткешова

Комиссия мүшелері:

 Г.М.Оразова

 А.А.Куанбаева

 К.Г.Сарсекеев

 Ж.Т.Балмаганбетова

Хатшы: